

"Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 217 қаулысы.

"Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин**

Жоба

Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы

2007 жылғы 18 мамырда Найробиде жасалған Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясы ратификациялансын.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

**СУҒА БАТЫП КЕТКЕН КЕМЕЛЕРДІ ЖОЮ ТУРАЛЫ 2007 ЖЫЛҒЫ
НАЙРОБИ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯСЫ**

ОСЫ КОНВЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР,

егер суға батып кеткен кемелер жойылмаса, олар кеме қатынасына немесе теңіз ортасына қауіп төндіруі мүмкін деген фактіні СЕЗІНЕ ОТЫРЫП,

суға батып кеткен кемелерді тез және тиімді түрде жоюды және соған байланысты шығыстар үшін өтемақы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай халықаралық қағидалар мен рәсімдер қабылдаудың қажет екеніне СЕНІМДІ БОЛА ОТЫРЫП,

көптеген суға батып кеткен кемелердің аумақтық теңізді қоса алғанда, мемлекеттердің аумағында болуы мүмкін екенін АТАП ӨТЕ ОТЫРЫП,

суға батып кеткен қауіпті кемелерді жоюға қатысты жауаптылықты реттейтін құқықтық режимдерді біріздендіру беретін артықшылықтарды ТАНИ ОТЫРЫП,

1982 жылғы 10 желтоқсанда Монтего-Бейде қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының және әдеттегі халықаралық теңіз

құқығының маңыздылығын, сондай-ақ осыдан туындайтын осы Конвенцияны мұндай ережелерге сәйкес жүзеге асыру қажеттігін ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,
төмендегілер туралы КЕЛІСТІ:

1-бап

Анықтамалар

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

1 "Конвенция қолданылатын аудан" қатысушы мемлекеттің халықаралық құқыққа сәйкес белгіленген айрықша экономикалық аймағын не, егер қатысушы мемлекет мұндай аймақты белгілемеген болса, осы мемлекеттің аумақтық теңізінің шегінен тыс орналасқан және оған іргелес жатқан, осы мемлекет халықаралық құқыққа сәйкес белгілеген және оның аумақтық теңізінің ені өлшенетін бастапқы сызықтардан бастап саналатын 200 теңіз милінен артыққа созылмайтын ауданды білдіреді.

2 "Кеме" кез келген типтегі теңіз кемесін білдіреді және мұндай платформалар өздері орналасқан жерлерде теңіз түбінің минералды ресурстарын барлауды, игеруді немесе өндіруді жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сүңгуір қанатты кемелерді, ауа қабы бар кемелерді, су асты аппараттарын, жүзгіш құралдарды және жүзгіш платформаларды қамтиды.

3 "Теңіз авариясы" кемеге немесе оның жүгіне материалдық нұқсан келтіруге немесе материалдық нұқсанның болмай қоймайтын қатеріне алып келген кемелердің соқтығысуын, қайраңға тұрып қалуын, кеме бортындағы немесе одан тыс жердегі басқа навигациялық оқыс оқиғаны немесе өзге оқиғаны білдіреді.

4 Теңіз авариясының салдары болып табылатын "суға батып кеткен кеме":

a) суға батып кеткен немесе қайраңға тұрып қалған кемені; немесе

b) мұндай кеменің бортында болатын немесе болған кез келген объектіні қоса алғанда, суға батып кеткен немесе қайраңға тұрып қалған кеменің кез келген бөлігін; немесе

c) кемеден теңізде жоғалтылған немесе қайраңға тұрып қалған, теңізге батып кеткен немесе қалқып тұрған кез келген объект; немесе

d) суға батып кеткен немесе қайраңға тұрып қалған дерлік не, егер қауіп төніп тұрған кемеге немесе кез келген мүлікке көмек көрсету жөнінде тиімді шаралар қабылданбайтын болса, ақылға қонымды түрде батып кетеді немесе қайраңға отырып қалады деп ойлауға болатын кемені білдіреді.

5 "Қауіп":

a) кеме қатынасына қауіп төндіретін немесе кедергі келтіретін; немесе

b) теңіз ортасы үшін елеулі зиянды салдарларға алып келеді немесе бір немесе бірнеше мемлекеттің жағалауына немесе онымен байланысты мүдделеріне зиян

келтіреді деп ақылға қонымды түрде ойлауға болатын кез келген жағдайды немесе қауіпті білдіреді.

6 "Олармен байланысты мүдделер" жағалау мемлекетінің суға батып кеткен кеме тікелей қозғайтын немесе қауіп төндіретін мүдделерін, атап айтқанда:

а) балық аулауды қоса алғанда, сол жерде жұмыспен қамтылған адамдардың тіршілік етуінің елеулі қаражат көзі болып табылатын теңіз жағалауындағы, порттардағы немесе эстуариялардағы қызметті;

б) осы ауданның туризм үшін тартымдылығын және басқа да экономикалық мүдделерін;

с) теңіздің тірі ресурстарын флора мен фаунаны сақтап қалуды қоса алғанда, жағалау маңындағы халықтың денсаулығын және осы ауданның амандығын, және

д) жағалаудағы және су асты инфрақұрылымын білдіреді.

7 "Жою" суға батып кеткен кеме туындатқан қауіпті болдырмаудың, азайтудың немесе жоюдың кез келген нысанын білдіреді. "Жою" деген сөз тиісінше түсіндіріледі.

8 "Тіркелген меншік иесі" кемеінің меншік иесі ретінде тіркелген адамды немесе адамдарды, ал тіркеу болмаған жағдайда – теңіз авариясы кезінде кеме меншігі болып табылған адамды немесе адамдарды білдіреді. Алайда, кеме мемлекетке тиесілі болған және оны осы мемлекетте кемеінің операторы ретінде тіркелген компания пайдаланып отырған жағдайда, "тіркелген меншік иесі" сондай компанияны білдіреді.

9 "Кеме операторы" кемеінің меншік иесін немесе кемеінің меншік иесінен кемеі пайдаланғаны үшін жауаптылықты өзіне алған және бұл ретте түзетулерімен қоса Қауіпсіздікті басқару жөніндегі халықаралық кодексте белгіленген барлық міндет пен барлық жауаптылықты өздеріне алуға келіскен кез келген басқа ұйымды немесе адамды, мысалы, басқарушыны немесе бербоут-чартер бойынша кеме жалдаушыны білдіреді.

10 "Қатысы бар мемлекет" өзінің Конвенция қолданылатын ауданында суға батып кеткен кеме жатқан мемлекетті білдіреді.

11 "Кеме тіркелген мемлекет" тіркелген кемеге қатысты – кеме тіркелген мемлекетті, ал тіркелмеген кемеге қатысты – кемеінің туы астында жүзуге құқығы болатын мемлекетті білдіреді.

12 "Ұйым" Халықаралық теңіз ұйымын білдіреді.

13 "Бас хатшы" Ұйымның Бас хатшысын білдіреді.

2-бап

Мақсаттар мен жалпы қағидаттар

1 Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес Конвенцияның қолданылу ауданында қауіп төндіріп тұрған, суға батып кеткен кемеі жоюға қатысты шараларды қабылдай алады.

2 Қатысы бар мемлекет 1-тармаққа сәйкес қабылдайтын шаралар қауіпке мөлшерлес болуға тиіс.

3 Мұндай шаралар қауіп төндіріп тұрған, суға батып кеткен кеме үшін ақылға қонымды түрде қажетті шаралардың шегінен шықпауға тиіс және суға батып кеткен кеме жойылған соң бірден тоқтатылуға тиіс; олар қажеттілік болмаған жағдайда кеме тіркелген мемлекетті және кез келген мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларды қоса алғанда, басқа мемлекеттердің құқықтары мен мүдделерін бұзбауға тиіс.

4 Осы Конвенцияның қолданылу ауданы шегінде Конвенцияны қолдану қатысушы мемлекетке ашық теңіздің қандай да бір болмасын бөлігіне қатысты егемендікке немесе егемендік құқығына үміттену немесе оларды жүзеге асыру құқығын бермейді.

5 Қатысушы мемлекеттер нәтижесі кемең суға батып кетуі болып табылатын теңіз авариясының салдары қатысы бар мемлекеттен өзге мемлекетке әсер етсе, ынтымақтастыққа ұмтылады.

3-бап

Қолданылу саласы

1 Егер осы Конвенцияда өзгеше көзделмесе, осы Конвенция Конвенцияның қолдану ауданында суға батып кеткен кемелерге қолданылады.

2 Қатысушы мемлекет 4-баптың 4-тармағының ережелерін сақтай отырып, аумақтық теңізді қоса алғанда, өз аумағының шегінде жатқан, суға батып кеткен кемелерге осы Конвенцияның күшін қолдана алады. Мұндай жағдайда ол өзі үшін осы Конвенцияның міндетті екеніне келісімін білдіру уақытында немесе одан кейінгі кез келген уақытта тиісінше Бас хатшыны хабардар етеді. Қатысушы мемлекеттің аумақтық теңізді қоса алғанда, өз аумағының шегінде жатқан, суға батып кеткен кемелерге осы Конвенцияны қолдану туралы жасаған хабарламасы сол мемлекеттің аумақтық теңізді қоса алғанда, өз аумағында жатқан суға батып кеткен кемелерге қатысты осы Конвенцияға сәйкес жатқан жерін анықтаудан, белгілеуден және жоюдан өзге шараларды қолдану құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды. Осы Конвенцияның 10, 11 және 12-баптарының ережелері осы Конвенцияның 7, 8 және 9-баптарында аталғандардан өзге, осылайша қабылданған шараларға қолданылмайды.

3 Егер қатысушы мемлекет 2-тармаққа сәйкес хабарлама жасаған болса, қатысы бар мемлекеттің "Конвенция қолданылатын ауданы" аумақтық теңізді қоса алғанда, осы қатысушы мемлекеттің аумағын қамтиды.

4 Жоғарыдағы 2-тармаққа сәйкес жасалған хабарлама, егер ол осы мемлекет үшін осы Конвенция күші енгенге дейін жасалса, сол қатысушы мемлекет үшін күшіне енген кезден бастап қолданыла бастайды. Егер хабарлама осы қатысушы мемлекет үшін осы Конвенция күшіне енгеннен кейін жасалса, ол Бас хатшы хабарламаны алғаннан кейін алты айдан соң қолданыла бастайды.

5 2-тармаққа сәйкес хабарлама жасаған қатысушы мемлекет оны кез келген уақытта Бас хатшыға жіберілетін кері қайтарып алу туралы хабарлама арқылы кері қайтарып алуы мүмкін. Мұндай кері қайтарып алу туралы хабарлама егер хабарламада неғұрлым кешірек күн көрсетілмесе, Бас хатшы оны алғаннан кейін алты айдан соң қолданыла бастайды.

4-бап

Ерекшеліктер

1 Осы Конвенция түзетулерімен қоса 1969 жылғы Ашық теңізде мұнаймен ластануға алып келетін авариялар жағдайларына араласуға қатысты халықаралық конвенцияның немесе түзетулерімен қоса 1973 жылғы Ашық теңізде мұнайдан өзге заттармен ластану жағдайларында араласу туралы хаттама негізінде қабылданатын шараларға қолданылмайды.

2 Осы Конвенция, егер осы мемлекет өзгеше шешім қабылдаса, әскери кемелерге немесе мемлекетке тиесілі немесе ол осы уақытта үкіметтік коммерциялық емес қызмет үшін ғана пайдаланып және қолданып отырған басқа кемелерге қолданылмайды.

3 Егер қатысушы мемлекет осы Конвенцияны өзінің әскери кемелеріне немесе 2-тармақта көрсетілген басқа кемелерге қолдану туралы шешім қабылдаса, ол осындай қолданудың шарттарын көрсете отырып Бас хатшыны бұл туралы хабардар етеді.

4 а) Егер қатысушы мемлекет 3-баптың 2-тармағына сәйкес хабарлама жасаған болса, осы Конвенцияның мынадай ережелері аумақтық теңізді қоса алғанда, оның аумағына қолданылмайды:

i) 2-баптың 4-тармағы;

ii) 9-баптың 1, 5, 7, 8, 9 және 10-тармақтары; және

iii) 15-бап.

б) 9-баптың 4-тармағы аумақтық теңізді қоса алғанда, қатысушы мемлекеттің аумағында қандай шамада қолданылса, сондай шамада мынадай түрде оқылады:

Тіркелген меншік иесі қатысы бар мемлекеттің ұлттық заңнамасын сақтай отырып, анықталғандай қауіп төндіретін, суға батып кеткен кеме меншік иесінің есебінен жою үшін қандай да бір құтқарушымен немесе басқа адаммен келісімшарт жасай алады. Мұндай жою басталғанға дейін қатысы бар мемлекет жоюдың теңіз ортасының қауіпсіздігі мен қорғалуы пайымдары ескеріле отырып, жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шамада ғана мұндай жоюды белгілей алады.

5-бап

Суға батып кеткен кемелер туралы хабарлар

1 Қатысушы мемлекет өзінің туы астында жүзіп жүрген кемеңің капитанынан және операторынан бұл кемеңің салдарында кеме суға батып кеткен теңіз авариясына тартылу жағдайлары туралы қатысы бар мемлекетке дереу хабарлауды талап етеді. Кемеңің не капитаны, не операторы осы бапта көзделген хабар жіберу міндетін орындаған шамада, олардың екіншісі хабар жіберуге міндетті болмайды.

2 Мұндай хабарлар тіркелген меншік иесінің негізгі коммерциялық кәсіпорнының атауын және орналасқан жерін және қатысы бар мемлекеттің 6-бапқа сәйкес суға батып кеткен кемеңің қауіп төндіретін-төндірмейтін анықтауы үшін қажетті барлық тиісті ақпаратты, оның ішінде:

- a) суға батып кеткен кемеңің дәл жатқан жерін;
- b) суға батып кеткен кемеңің типін, көлемін және конструкциясын;
- c) суға батып кеткен кемеңің бүліну сипатын және оның жай-күйін;
- d) жүктің, әсіресе, кез келген қауіпті және зиянды заттардың сипаты мен санын; және
- e) бункер отыны мен жағармайды қоса алғанда, борттағы мұнай өнімдерінің саны мен типтерін қамтуға тиіс.

6-бап

Қауіптілікті анықтау

Суға батып кеткен кемеңің қауіп төндіретіндігін-төндірмейтінін анықтау кезінде қатысы бар мемлекет мынадай факторларды:

- a) суға батып кеткен кемеңің типін, көлемін және конструкциясын;
- b) сол аудандағы судың тереңдігін;
- c) сол аудандағы судың көтерілу деңгейі мен ағысын;
- d) Ұйым қабылдаған нұсқаулыққа сәйкес белгіленген және жағдайға қарай тағайындалған аса осал теңіз аудандарын, не 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының 211-бабының 6-тармағына сәйкес өздеріне қатысты арнайы міндетті шаралар қабылданған айрықша экономикалық аймақтың нақты белгіленген ауданын;
- e) кеме қатынасы жолдарының немесе белгіленген қозғалыс жолақтарының жақындығын;
- f) кемелер қозғалысының тығыздығы мен жиілігін;
- g) қозғалыс типін;
- h) суға батып кеткен кемедегі жүктің сипаты мен санын, суға батып кеткен кемеңің бортындағы мұнай өнімдерінің (мысалы, бункерлік отынның және жағармайдың саны мен типтерін) және әсіресе, теңіз ортасына жүк түскен немесе мұнай өнімдері төгілген жағдайда келтірілуі мүмкін залалды;
- i) порт құрылысжайларының осалдығын;

ж) басым метеорологиялық және гидрографиялық жағдайларды;

к) осы ауданның суасты топографиясын;

л) судың ең аз астрономиялық көтерілуі кезінде суға батып кеткен кеменің су үстіндегі немесе астындағы биіктігін;

м) суға батып кеткен кеменің акустикалық және магниттік профилдерін;

н) жағалаудағы қондырғылардың, құбыр жолдарының, телекоммуникация кәбілдерінің және соған ұқсас конструкциялардың жақындығын; және

о) суға батып кеткен кемені жою қажеттігін туындата алатын кез келген өзге де мән-жайларды назарға алуға тиіс.

7-бап

Суға батып кеткен кемелердің жатқан жерін анықтау

1 Қатысы бар мемлекет суға батып кеткен кеме туралы хабарды алған соң теңізде жүзушілерге және мүдделі мемлекеттерге суға батып кеткен кеменің сипаты мен жатқан жері туралы жедел түрде ескерту үшін мемлекеттер мен ұйымдардың ізгі қызметтерін қоса алғанда, іс жүзінде мүмкін боларлық барлық құралды пайдаланады.

2 Егер қатысы бар мемлекеттің суға батып кеткен кеме қауіп төндіреді деп ойлауына негізі болса, ол суға батып кеткен кеменің дәп жатқан жерін анықтау үшін мүмкін боларлық барлық шараны қабылдауды қамтамасыз етеді.

8-бап

Суға батып кеткен кемелерді белгілеу

1 Егер қатысы бар мемлекет суға батып кеткен кеме қауіп төндіреді деп айқындаса, осы мемлекет суға батып кеткен осы кемені белгілеу үшін ақылға қонымды барлық шараны қабылдауды қамтамасыз етеді.

2 Суға батып кеткен кемені белгілеу кезінде нұсқағыштардың суға батып кеткен кеме жатқан ауданда қолданылатын халықаралық тұрғыдан мойындалған навигациялық қоршаулар жүйесіне жауап беруі үшін мүмкін боларлық барлық шараны қабылдайды.

3 Қатысы бар мемлекет тиісті навигациялық басылымдарды қоса алғанда, барлық тиісті құралдарды пайдалану арқылы суға батып кеткен кемені белгілеу туралы мәліметтерді таратады.

9-бап

Суға батып кеткен кемелерді жоюды жеңілдету жөніндегі шаралар

1 Егер қатысы бар мемлекет суға батып кеткен кеме қауіп төндіреді деп айқындаса, бұл мемлекет дереу:

а) кеме тіркелген мемлекетке және тіркелген меншік иесіне хабарлайды; және

б) кеме тіркелген мемлекетпен және суға батып кеткен кемеге қатысы бар басқа мемлекеттермен суға батып кеткен кемеге қатысты қабылдануы қажет шаралар бойынша консультацияларға кіріседі.

2 Тіркелген меншік иесі қауіп төндіреді деп айқындалған, суға батып кеткен кемені жояды.

3 Егер суға батып кеткен кеме қауіп төндіреді деп айқындалса, тіркелген меншік иесі немесе басқа мүдделі тарап қатысы бар мемлекеттің құзыретті органына 12-бапта талап етілгендей, сақтандыру дәлелдемесін немесе өзге қаржылық қамтамасыз етуді ұсынады.

4 Тіркелген меншік иесі қауіп төндіреді деп айқындалған, суға батып кеткен кемені жою үшін меншік иесінің есебінен қандай да бір құтқарушымен немесе басқа адаммен келісімшарт жасай алады. Мұндай жою басталғанға дейін қатысы бар мемлекет мұндай жоюдың теңіз ортасының қауіпсіздігі мен қорғалуы пайымдары ескеріле отырып, жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шамада ғана талаптар белгілей алады.

5 2 және 4-тармақтарда аталған жою басталғаннан кейін қатысы бар мемлекет жоюдың теңіз ортасының қауіпсіздігі мен қорғалуы пайымдары ескеріле отырып тиімді түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шамада ғана жоюға араласа алады.

6 Қатысы бар мемлекет:

а) 6-бапқа сәйкес айқындалған қауіптілік сипатын назарға ала отырып, тіркелген меншік иесі суға батып кеткен кемені жоюға тиіс болатын, ақылға қонымды мерзімді белгілейді;

б) тіркелген меншік иесіне өзі белгілеген мерзім туралы жазбаша нысанда хабарлайды және егер тіркелген меншік иесі суға батып кеткен кемені сол мерзім ішінде жоймаса, өзінің суға батып кеткен кемені тіркелген меншік иесінің есебінен жоя алатынын көрсетеді; және

с) егер қауіп аса қатерлі болған жағдайда, өзінің дереу араласу ниеті туралы тіркелген меншік иесіне жазбаша нысанда хабарлайды.

7 Егер тіркелген меншік иесі суға батып кеткен кемені 6 а) тармаққа сәйкес белгіленген мерзім ішінде жоймаса немесе егер тіркелген меншік иесімен байланыс орнату мүмкін болмаса, қатысы бар мемлекет теңіз ортасының қауіпсіздігі мен қорғалуы пайымдары ескеріле отырып, суға батып кеткен кемені анағұрлым тиімді және жылдам қолжетімді құралдармен жоя алады.

8 Шұғыл іс-қимыл жасау қажет болған және қатысы бар мемлекет кеме тіркелген мемлекет пен тіркелген меншік иесіне тиісті түрде хабарлаған жағдайларда, ол теңіз ортасының қауіпсіздігі мен қорғалуы пайымдары ескеріле отырып суға батып кеткен кемені анағұрлым тиімді және жылдам қолжетімді құралдармен жоя алады.

9 Қатысушы мемлекеттер өздерінің тіркелген меншік иелерінің 2 және 3-тармақтардың ережелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында өдерінің ұлттық заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қабылдайды.

10 Қатысушы мемлекеттер бұл талап етілген кезде қатысы бар мемлекеттің 4-8-тармақтарға сәйкес әрекет етуіне рұқсат береді.

11 Қатысы бар мемлекет осы бапта аталған ақпаратты 5-баптың 2-тармағында аталған хабарларда көрсетілген тіркелген меншік иесіне береді.

10-бап

Меншік иесінің жауаптылығы

1 Егер тіркелген меншік иесі салдары кеменің суға батуы болып табылатын теңіз авариясы:

а) әскери іс-қимылдардың, қастандық іс-қимылдарының, азаматтық соғыстың, көтерілістің немесе өзінің сипаты бойынша айрықша, болмай қоймайтын және еңсерілмейтін дүлей құбылыстың нәтижесі болып табылғанын;

б) тұтастай үшінші тұлғалардың залал келтіру ниетімен жасаған әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындағанын; немесе

с) осы функцияны орындау кезінде үкіметтің немесе отты немесе басқа да навигациялық құралдарды дұрыс күйінде ұстауға жауапты басқа органның салғырттығынан немесе өзге де құқыққа сыйымсыз әрекеттерінен тұтастай туындағанын дәлелдей алмаса, тіркелген меншік иесі 11-баптың ережелерін сақтай отырып, тиісінше 7, 8 және 9-баптарға сәйкес суға батып кеткен кеменің жатқан жерін анықтау, оны белгілеу және жою шығыстарына жауапты болады.

2 Осы Конвенцияда ешнәрсе тіркелген меншік иесінің кез келген қолданылатын ұлттық немесе халықаралық режимнің, мысалы түзетулерімен қоса 1976 жылғы Теңіз талаптары бойынша жауаптылықты шектеу туралы конвенцияның негізінде өз жауаптылығын шектеу құқығын қозғамайды.

3 Тіркелген меншік иесіне 1-тармақта аталған шығыстарды өтеу туралы осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келетіні болмаса, ешқандай талап қойылмайды. Бұл 3-баптың 2-тармағына сәйкес хабарлама жасаған қатысушы мемлекеттің осы Конвенцияға сәйкес жатқан жерін анықтауға, белгілеуге және жоюға қатысты құқықтары мен міндеттемелерінен өзге, аумақтық теңізді қоса алғанда, өзінің аумағында жатқан суға батып кеткен кемелерге қатысты құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

4 Осы Конвенцияда ешнәрсе үшінші тұлғаларға регресс құқығын қозғамайды.

11-бап

Жауаптылықтан ерекшеліктер

1 Тіркелген меншік иесі осы Конвенцияға сәйкес 10-баптың 1-тармағында аталған шығыстарға, егер мұндай шығыстар үшін жауаптылық тиісті конвенцияның қолданылу және күшінде болу шартымен, мыналарға:

a) түзетулерімен қоса 1969 жылғы Мұнаймен ластанудан келтірілген зиян үшін азаматтық жауаптылық туралы халықаралық конвенцияға;

b) түзетулерімен қоса 1996 жылғы Қауіпті және зиянды заттарды теңіз арқылы тасымалдауға байланысты залал үшін жауаптылық және өтемақы туралы халықаралық конвенцияға;

c) түзетулерімен қоса 1960 жылғы Ядролық энергия саласында үшінші тұлғалар алдындағы жауаптылық туралы конвенцияға немесе түзетулерімен қоса 1963 жылғы Ядролық залал үшін азаматтық жауаптылық туралы Вена конвенциясына не ядролық залал үшін жауаптылықтың шектелуін реттейтін немесе оған тыйым салатын ұлттық заңнамаға; немесе

d) түзетулерімен қоса 2001 жылғы Бункер отынымен ластанудан болған залал үшін азаматтық жауаптылық туралы халықаралық конвенцияға қайшы келетіндей шамада да жауапты болмайды.

2 Осы Конвенция негізінде қабылданған шаралар қолданыстағы ұлттық заңнаманың немесе халықаралық конвенцияның күшіне орай құтқару ретінде қарастырылатын шамада, мұндай заңнама немесе конвенция осы Конвенция қағидаларынан ерекшелік тәртібімен құтқарушыларға төленетін сыйақы немесе өтемақы мәселелеріне қатысты қолданылады.

12-бап

Міндетті сақтандыру немесе өзге қаржылық қамтамасыз ету

1 Жалпы сыйымдылығы 300 және одан да көп, қатысушы мемлекеттің туымен жүзетін кемеңің тіркелген меншік иесі осы Конвенция негізінде өзінің жауапкершілігін жабу үшін сақтандыруды жүзеге асыруға немесе өзге қаржылық қамтамасыз етуді, мысалы, қолданылатын ұлттық немесе халықаралық жауапкершілікті шектеу режиміне сәйкес өз жауапкершілігінің шегіне тең сомаға, бірақ кез келген жағдайда, түзетулерімен қоса 1976 жылғы Теңіз талаптары бойынша жауапкершілікті шектеу туралы конвенцияның 6-бабының 1 b) тармағына сәйкес есептелетін сомадан аспайтын, банктің немесе соған ұқсас мекеменің кепілдігін ұсынуға тиіс.

2 Кеме тіркелген мемлекеттің тиісті органы 1-тармақтың талаптары орындалғанын анықтағаннан кейін жалпы сыйымдылығы 300 және одан артық әрбір кемеге осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес күші бар, сақтандырудың немесе өзге қаржылық қамтамасыз етудің бар екенін куәландыратын куәлікті береді. Қатысушы мемлекетте тіркелген кемеге қатысты мұндай куәлікті кеме тіркелген мемлекеттің тиісті органы береді немесе куәландырады; қатысушы мемлекетте тіркелмеген кемеге қатысты

куәлікті кез келген қатысушы мемлекеттің тиісті органы беруі немесе куәландыруы мүмкін. Міндетті сақтандыру туралы бұл куәлік нысаны бойынша осы Конвенцияға қосымшада келтірілген үлгіге сәйкес келуге және онда мынадай мәліметтер:

а) кеменің атауы, шақыру сигналы және тіркеу порты;

б) кеменің жалпы сыйымдылығы;

с) тіркелген меншік иесінің негізгі коммерциялық кәсіпорнының атауы және орналасқан жері;

д) кеменің жергілікті ИМО берген айырым нөмірі;

е) қамтамасыз етудің түрі мен қолданылу мерзімі;

ф) сақтандырушының немесе қамтамасыз етуді ұсынған басқа адамның негізгі коммерциялық кәсіпорнының атауы және орналасқан жері және тиісті жағдайларда сақтандыруды жүзеге асырған немесе қамтамасыз етуді ұсынған кәсіпорынның орналасқан жері;

г) сақтандырудың немесе өзге қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен аспайтын куәліктің қолданылу мерзімі қамтылуға тиіс.

3 а) Қатысушы мемлекет өзі таныған мекемені немесе ұйымды, 2-тармақта аталған куәлікті беруге уәкілетті ете алады. Мұндай мекеме немесе ұйым бұл мемлекетке әрбір куәліктің берілгені туралы хабарлайды. Кез келген жағдайда қатысушы мемлекет осылайша берілген куәліктің толықтығы мен дәлдігіне толық кепілдік береді және осы міндеттемені орындау үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

б) Қатысушы мемлекет Бас хатшыны:

i) осы қатысушы мемлекет таныған мекеменің немесе ұйымның нақты міндеттері және оларға берілген өкілеттіктердің шарттары;

ii) мұндай өкілеттіктердің кері қайтарып алынғаны; және

iii) мұндай өкілеттіктер немесе осындай өкілеттіктерді кері қайтарып алу қолданыла бастайтын күн туралы хабардар етеді.

Берілген өкілеттіктер Бас хатшыға осы мақсатта хабарлама жасалған күннен бастап кемінде үш айдан кейін қолданыла бастайды.

с) Осы тармаққа сәйкес куәлікті беруге уәкілеттік берілген мекеме немесе ұйым, кем дегенде, егер осы куәліктер берілген шарттар сақталмаса, оларды кері қайтарып алуға уәкілетті болуға тиіс. Кез келген жағдайда мекеме немесе ұйым өзінің атынан куәлік берілген мемлекетке мұндай кері қайтарып алу туралы хабарлайды.

4 Куәлік ол берілетін мемлекеттің ресми тілінде немесе тілдерінде жасалады. Егер бұл тіл ағылшын, испан немесе француз тілі болып табылмаса, мәтіннің осы тілдердің бірінде аудармасы болуға тиіс және егер мемлекет осындай шешім қабылдаса, бұл мемлекеттің ресми тілі (тілдері) пайдаланылмауы мүмкін.

5 Куәлік кеме бортында сақталады, ал оның көшірмесі кеме тізілімін жүргізетін органға немесе егер кеме қатысушы мемлекетте тіркелмеген болса куәлік берілген немесе куәландырылған мемлекеттің органына сақтауға тапсырылады.

6 Сақтандыру немесе өзге қаржылық қамтамасыз ету, егер оның қолданылуы 2-тармаққа сәйкес куәлікте көрсетілген сақтандырудың немесе қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі өткеннен өзге себептер бойынша, 5-тармақта көрсетілген орган куәліктің күшін жойған немесе бұл кезеңге жаңа куәлік берілген жағдайлардан басқа органға осындай тоқтату туралы хабарлама жасалған күннен бастап үш ай өткенге дейін тоқтатылуы мүмкін болса, осы баптың талаптарын қанағаттандырмайды. Алдыңғы ережелер өз нәтижесінде сақтандыру немесе қамтамасыз ету осы баптың талаптарын қанағаттандыруды тоқтататын кез келген өзгерістерге осыған ұқсас түрде қолданылады.

7 Осы баптың ережелерін сақтай отырып және тіркелген меншік иелерінің қаржылық жауапкершілігіне қатысты Ұйым қабылдаған кез келген нұсқаулықты ескере келе кеме тіркелген мемлекет куәлікті беру және қолдану шарттарын айқындайды.

8 Осы Конвенциядағы ешнәрсе қатысушы мемлекеттің осы Конвенцияның мақсаттары үшін сақтандырушылардың немесе қаржылық қамтамасыз етуді ұсынған басқа тұлғалардың қаржылық жағдайына қатысты басқа мемлекеттерден немесе Ұйымнан немесе өзге халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратқа сүйенуіне кедергі келтіруші ретінде түсіндірілмейді. Мұндай жағдайларда осындай ақпаратқа сүйенетін қатысушы мемлекет, 2-тармақта талап етілетін, куәлік беруші мемлекет ретінде өз жауапкершілігінен босатылмайды.

9 Қатысушы мемлекеттің құзыреті шегінде берілген немесе куәландырылған куәліктерді осы Конвенцияның мақсаттары үшін басқа қатысушы мемлекеттер мойындайды және басқа қатысушы мемлекеттер өздері берген немесе куәландырған куәліктер сияқты, тіпті егер олар қатысушы мемлекетте тіркелмеген кемеге қатысты берілген немесе куәландырылған болса да, дәл сондай күшке ие ретінде қарастырады. Қатысушы мемлекет егер куәлікте көрсетілген сақтандырушы немесе кепіл осы Конвенцияда жүктелген міндеттемелерді қаржылық жағынан орындауға қабілетсіз деп есептесе, кез келген сәтте куәлікті берген немесе куәландырған мемлекетке консультация туралы өтініш жасай алады.

10 Осы Конвенцияның негізінде туындайтын шығындарды өтеу туралы кез келген талап тікелей тіркелген меншік иесінің жауаптылығын сақтандырушыға немесе қаржылық қамтамасыз етуді ұсынған өзге тұлғаға қойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда жауапкер кез келген қолданыстағы ұлттық немесе халықаралық режимге сәйкес жауапкершілікті шектеуді қоса алғанда, тіркелген меншік иесінің сілтеме жасауға құқығы болатын (тіркелген меншік иесі кәсіпорнының банкроттығына немесе таратылуына сілтеме жасаудан басқа) қарсылықтарды ұсына алады. Бұдан бөлек, егер тіпті тіркелген меншік иесінің өз жауапкершілігін шектеуге құқығы болмаса да, жауапкер жауапкершілікті 1-тармаққа сәйкес жүзеге асырылуға немесе берілуге тиіс сақтандыру немесе өзге қаржылық қамтамасыз ету сомасына тең сомаға дейін шектей алады. Сонымен қатар, жауапкер өзін қорғау үшін теңіз авариясы тіркелген меншік

иесінің пиғылы салдарынан туындады деген қарсылықты пайдалана алады, бірақ ол өзіне қарсы тіркелген меншік иесі қозғаған істе сілтеме жасауға құқығы болатын ешқандай басқа қорғау құралдарын пайдалана алмайды. Жауапкердің барлық жағдайларда тіркелген меншік иесін тең жауап беруші ретінде іске қатыстыруды талап етуге құқығы бар.

11 Қатысушы мемлекет, егер осы бап қолданылатын, өзінің туының астында жүзуге құқығы бар кеменің 2 немесе 14-тармаққа сәйкес берілген куәлігі болмаса, оны пайдалануға рұқсат бермейді.

12 Әрбір қатысушы мемлекет осы баптың ережелерін сақтай отырып, өзінің ұлттық сақтандыру заңнамасына сәйкес, тіркелу орнына қарамастан, өзінің аумағындағы портқа кіретін немесе одан шығатын не өзінің аумақтық теңізіндегі жағалау құрылысжайына тоқтаған немесе одан кететін жалпы сыйымдылығы 300 және одан да көп болатын әрбір кемеге қатысты сақтандырудың немесе 1-тармақтың талаптарына сәйкес келетін өзге қамтамасыз етудің болуын қамтамасыз етеді.

13 2-тармақта талап етілетін куәлікті беретін қатысушы мемлекет Бас хатшыны өзінің барлық қатысушы мемлекеттерге қолжетімді куәліктің бар екенін куәландыратынын және қатысушы мемлекеттердің 12-тармаққа сәйкес өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік беретін тіркеуді электрондық нысанда жүргізетіні туралы хабардар еткен жағдайда, 5-тармақтың ережелеріне қарамастан, қатысушы мемлекет Бас хатшыны өз аумағындағы портқа кіретін немесе одан шығатын не өзінің аумақтық теңізіндегі жағалау құрылысжайына тоқтаған немесе одан кететін кемелер 12-тармақтың мақсаттары үшін бортта 2-тармақ талап ететін куәліктің болуына немесе оны көрсетуге міндетті емес екені туралы хабардар етеді.

14 Егер қатысушы мемлекетке тиесілі кемеге қатысты сақтандыру немесе өзге қаржылық қамтамасыз ету ұсынылмаса, мұндай кемеге осы баптың оған қатысты ережелері қолданылмайды, бірақ бұл кеменің кеме тіркелген мемлекеттің тиісті органы берген, кеменің осы мемлекеттің меншігі болып табылатының және кеменің жауапкершілігі 1-тармақта жазылған шектерде қамтамасыз етілгенін куәландыратын куәлігі болуға тиіс. Мұндай куәлік мүмкін болғанша, 2-тармақта көзделген үлгіге сәйкес келуге тиіс.

13-бап

Талап қоюдың ескіруі

Осы Конвенцияда көзделген шығыстарды өтету құқығы, егер талап осы Конвенцияға сәйкес қауіп анықталған күнінен бастап үш жыл ішінде оның ережелері негізінде қойылмаса, жабылады. Алайда ешбір жағдайда да талап өзінің нәтижесі кеменің суға батып кетуі болып табылатын теңіз авариясы болған күннен бастап алты жыл өткен соң қойыла алмайды. Егер бұл теңіз авариясы бірқатар оқиғалардан тұратын

болса, онда алты жылдық мерзім осы оқиғалардың біріншісінің күнінен бастап есептеледі.

14-бап

Түзетулер туралы ережелер

1 Ұйым қатысушы мемлекеттердің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша осы Конвенцияны қайта қарау немесе оған түзетулер енгізу мақсатында қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақырады.

2 Осы Конвенцияға түзетулер күшіне енген күннен кейін осы Конвенцияның міндетті екеніне білдірілген кез келген келісім осындай түзетуі бар осы Конвенцияға қатысты болып есептеледі.

15-бап

Дауларды шешу

1 Егер екі немесе одан көп қатысушы мемлекеттің арасында осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дау туындаса, олар бұл дауды ең алдымен келіссөздер, сұрау салулар, делдалдық, келісу рәсімі, төрелік, сот реттеуі, өңірлік органдарға немесе уағдаластықтарға жүгіну жолымен не өздерінің таңдауы бойынша басқа да бейбіт құралдармен реттеуге ұмтылады.

2 Егер, бір қатысушы мемлекет екінші қатысушы мемлекетті өздерінің арасында даудың бар екені туралы хабардар еткеннен кейін он екі айдан аспайтын ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде дауды реттеу мүмкін болмаса, даудағы қатысушы тараптың 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының қатысушы мемлекеттері болып табылатынына-табылмайтынына қарамастан, *mutatis mutandis* 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының XV бөлігінде келтірілген, дауларды реттеуге қатысты ережелер қолданылады.

3 Егер қатысушы мемлекет осы Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде немесе содан кейін кез келген уақытта осы Конвенциядан туындайтын дауларды реттеу мақсатында 287-бапқа сәйкес өзге рәсімді таңдамаса, осы Конвенцияның және 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының қатысушы мемлекеті соңғысының 287-бабына сәйкес таңдаған кез келген рәсім осы бапқа сәйкес дауларды реттеуге қолданылады.

4 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының қатысушысы болып табылмайтын осы Конвенцияның қатысушы мемлекеті осы Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде не содан кейін кез келген уақытта осы бапқа сәйкес дауларды реттеу

мақсаттары үшін 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясы 287-бабының 1-тармағында көрсетілген құралдардың бірін немесе одан көбін жазбаша өтініш беру арқылы таңдай алады. 287-бап осындай өтінішке, сондай-ақ мұндай мемлекет қолданыстағы өтініште қамтылмаған тарап болып табылатын дауға қолданылады. 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясының V және VII қосымшаларына сәйкес келісу рәсімі мен төреліктің мақсаты үшін мұндай мемлекеттің осы Конвенциядан туындайтын дауларды реттеу үшін V қосымшаның 2-бабында және VII қосымшаның 2-бабында аталған тізімге қосу үшін делдалдар мен төрешілерді тағайындауға құқығы бар.

53 және 4-тармақтарға сәйкес жасалған өтініш Бас хатшыға сақтауға тапсырылады, ол оның көшірмелерін қатысушы мемлекеттерге береді.

16-бап

Басқа конвенциялар мен халықаралық келісімдерге қатысы

Осы Конвенциядағы ешнәрсе кез келген мемлекеттің 1982 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясы және әдеттегі халықаралық теңіз құқығы негізіндегі құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

17-бап

Қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту және қосылу

1 Осы Конвенция 2007 жылғы 19 қарашадан бастап 2008 жылғы 18 қарашаға дейін Ұйымның штаб-пәтерінде қол қою үшін ашық және содан кейін қосылу үшін ашық болады.

а) Мемлекеттер:

i) ратификациялауға, қабылдауға немесе бекітуге қатысты ескертпесіз қол қою; немесе

ii) кейіннен ратификациялау, қабылдау немесе бекіту арқылы ратификациялауға, қабылдауға немесе бекітуге қатысты ескертпесімен қол қою; немесе

iii) қосылу арқылы осы Конвенцияның өздері үшін міндетті екеніне өздерінің келісімін білдіре алады.

б) Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу Бас хатшыға тиісті құжатты сақтауға тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

18-бап

Күшіне енуі

1 Осы Конвенция он мемлекет не оған ратификациялауға, қабылдауға немесе бекітуге қатысты ескертпесіз қол қойған, не ратификациялау грамотасын немесе

қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты Бас хатшыға сақтауға тапсырған күннен кейін он екі айдан соң күшіне енеді.

2 Осы Конвенцияны ратификациялаған, қабылдаған, бекіткен немесе оның күшіне енуі үшін 1-тармақта көрсетілген шарттар орындалғаннан кейін оған қосылған кез келген мемлекет үшін осы Конвенция мұндай мемлекет тиісті құжатты сақтауға тапсырған күннен кейін үш ай өткен соң, бірақ 1-тармаққа сәйкес осы Конвенция күшіне енген күнінен кейін күшіне енеді.

19-бап

Денонсация

1 Осы Конвенцияны кез келген қатысушы мемлекет осы мемлекет үшін ол күшіне енген күннен кейін бір жыл өткен соң кез келген уақытта денонсациялай алады.

2 Денонсация Бас хатшыға денонсациялау туралы құжатты сақтауға тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

3 Денонсация Бас хатшы денонсация туралы құжатты алғаннан кейін бір жыл өткен соң немесе осы құжатта көрсетілуі мүмкін осындай ұзақ мерзім өткен соң күшіне енеді.

20-бап

Депозитарий

1 Осы Конвенция Бас хатшыға сақтауға тапсырылады.

2 Бас хатшы:

а) осы Конвенцияға қол қойған және оған қосылған барлық мемлекеттерге:

i) күнін көрсете отырып, әрбір жаңадан қол қою ратификациялау грамотасының немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттың сақтауға тапсырылғаны;

ii) осы Конвенцияның күшіне енген күні;

iii) сақтауға тапсырылу күнін және денонсацияның күшіне ену күнін көрсете отырып, осы Конвенцияны денонсациялау туралы кез келген құжаттың сақтауға тапсырылғаны; және

iv) осы Конвенцияның негізінде алынған басқа да мәлімдемелер мен хабарламалар туралы хабарлайды;

б) осы Конвенцияның куәландырылған көшірмелерін осы Конвенцияға қол қойған немесе оған қосылған барлық мемлекеттерге жібереді.

3 Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін Бас хатшы мәтіннің куәландырылған көшірмесін Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу және жариялау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жібереді.

21-бап

Тілдер

Осы Конвенция ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде бір төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

Екі мың жетінші жылғы он сегізінші мамырда НАЙРОБИДЕ жасалды.

Осыны КУӘЛАНДЫРУ үшін бұған өздерінің тиісті үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

ҚОСЫМША

СУҒА БАТЫП КЕТКЕН КЕМЕЛЕРДІ ЖОЮ ҮШІН

ЖАУАПКЕРШЛІКТІ САҚТАНДЫРУ НЕМЕСЕ

ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясының 12-бабының ережелеріне сәйкес берілді

| | | | | | |
|---------------|-------------------|----------------|----------------------------------|--------------|---|
| Кеменің атауы | Жалпы сыйымдылығы | Шақыру сигналы | Кеменің ИМО берген айырым нөмірі | Тіркеу порты | Тіркелген меншік иесінің негізгі коммерциялық кәсіпорнының атауы және толық мекенжайы |
|---------------|-------------------|----------------|----------------------------------|--------------|---|

Осы арқылы жоғарыда аталған кеменің Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясының 12-бабының талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру полисі немесе өзге қаржылық қамтамасыз етуі бар екені куәландырылады.

Қамтамасыз ету түрі.....

Қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі.....

Сақтандырушының (сақтандырушылардың) және/немесе кепілдің (кепілдердің) атауы және мекенжайы

Атауы

Мекенжайы.....

Осы куәлік дейін жарамды

.....(мемлекеттің толық атауы) Үкімет берді және куәландырды

НЕМЕСЕ

Егер қатысушы мемлекет 12-баптың 3-тармағының ережелерін пайдалануды қаласа, мынадай мәтін пайдаланылуға тиіс:

Осы куәлікті (мемлекеттің толық атауы)

Үкіметінің уәкілеттік беруі бойынша

.....(мекеменің немесе ұйымның толық атауы) берді

.....
...
(орны) (күні)

.....
(куәлікті берген немесе куәландырылған ресми адамның қолы және лауазымы)

Ескерту:

1 Мемлекеттің атауын көрсеткен кезде қалауы бойынша куәлік берілген елдің мемлекеттік билігінің құзыретті органын атауға болады.

2 Егер қамтамасыз етудің жалпы сомасы бірнеше көздерден ұсынылған қамтамасыз етуден тұрса, олардың әрқайсысының сомасын көрсету керек.

3 Егер ұсынылған қамтамасыз ету біркелкі болмаса, онда олар тізімделіп берілуге тиіс.

4 "Қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі" жазбасында осы қамтамасыз ету күшіне енетін күн жазылуға тиіс.

5 Сақтандырушының (сақтандырушылардың) және/немесе кепілдің (кепілдердің) " мекенжайы" жазбасы сақтандырушының (сақтандырушылардың) және/немесе кепілдің (кепілдердің) негізгі коммерциялық кәсіпорнының мекенжайын көрсетуге тиіс. Тиісті жағдайларда сақтандыруды жүзеге асырған немесе басқа қамтамасыз етуді ұсынған кәсіпорынның орналасқан жері көрсетілуге тиіс.